

# KIPD BULLETIN

Ақпараттық-сараптамалық журнал

№2 шығарылым  
2023 жылғы қараша



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ  
ИНСТИТУТЫ





# KIPD BULLETIN

АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ




АСТАНА, 2023





ЭКСКЛЮЗИВ



иллюстратор – Жігер Мұратханов

## А.УИММЕР. ҰЛТ ҚҰРУ – ЖЫЛДАРДЫ ЕМЕС, ҰРПАҚТАРДЫ ҚАМТИТЫН ПРОЦЕСС

Сұхбаттасқан Әлібек ҚИСЫБАЙ

## АВТОР ТУРАЛЫ

Андреас Уиммер 1992 жылы Цюрих университетінде (Швейцария) әлеуметтік антропология мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған. 2015 жылы Колумбия университетінің әлеуметтану және саяси философия бойынша Либер профессоры болып тағайындалды. Оған дейін А. Уиммер Принстон университеті, Лос Анджелестегі Калифорния университетінде (2003-2012) оқытушылық қызмет атқарған. АҚШ-қа көшкенге дейін Еуропадағы екі пәнаралық зерттеу институтының: Невшатель университеті жанындағы Миграция мен демографиялық зерттеулер жөніндегі форум (1995-1999) мен Бонн университеті жанындағы Даму орталығының Саяси және мәдени өзгерістер департаментінің (1999-2002) негізін қалаған. Қазір Сыртқы саясат жөніндегі кеңестің мүшесі (АҚШ, Council on Foreign Relations) және Канадалық озық зерттеулер жөніндегі институттың Boundaries, Membership & Belonging Program бағдарламасының ғылыми қызметкері. Сонымен бірге ол Принстон университетінің баспасында жаһандық және салыстырмалы әлеуметтану зерттеу бағыттары бойынша шығарылатын кітаптар сериясының редакторы, Sociological Science журналында бас редактордың орынбасарларының бірі болып қызмет етеді.

А. Уиммер 2018 жылы «Ұлт құру: неліктен кейбір елдер бірігіп, қалғандары ыдырайды» (Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart) кітабын жариялады. Бұл кітап соңғы жылдары ұлт құру тақырыбында жазылған іргелі еңбектердің бірі болып есептеледі. Осы орайда профессор А. Уиммердің ұлт құру туралы ойлары Қазақстандағы ғылыми-сарапшылық ортаға, саяси шешім қабылдаушылар мен оқырмандарға қызық әрі пайдалы болады деп сенеміз.

**Сұхбатта ұлт құру, институттық даму және кімдік туралы сөз қозғалады. Бұл сұхбат оқырманға, кеңінен алғанда ғылыми ортаға ұлттың қалыптасуы мен «ұлт» идеясының келешегі туралы, соған қатысты саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени контекстін кеңірек талқылауға жол ашады деп сенеміз.**

Профессор Уиммер, өзіңізге белгілі, саясаттану ғылымындағы концепциялардың біріне сәйкес экономикалық дамуды қамтамасыз ету, инклюзив, қуатты және тұрақты қоғам құруда институттардың шешуші рөлі бар. Дәулетті ұлт құру мен мемлекеттің құлдырауының себептерін түсіндірудегі институттық тәсіл мен сіздің тұжырымдамаңыздың

арасындағы ортақ тұстар мен айырмашылықтар қандай?

Кейбір ғалымдардың (Аджемоглы мен Робинсон секілді) пайымдауынша меншік құқығының мызғымастығы мен шешім қабылдаудың демократиялық сипаты – экономикалық дамудың алғышарты. Ал Фукуяманың тұжырымдауынша, қауқарлы мемлекет, демократия мен заң

үстемдігі болмаса, елдегі саяси тұрақтылыққа қол жеткізу мүмкін емес. Менің пікірім өзгеше. Менің тұжырымдауымша басты рөлді институттар емес, саяси альянс құрылымдары ойнайды. Шындығына келгенде, бұл үш еңбек мәселені әртүрлі жағынан қарастырады: экономикалық даму, саяси тұрақтылық немесе менің зерттеулерімде көтерілетін қоғамдағы сан алуан топтардың саяси интеграциясы (оны ұлт құру деп атаймын).

---

*Менің пікірім өзгеше. Менің тұжырымдауымша басты рөлді институттар емес, саяси альянс құрылымдары ойнайды*

---

Сіз «Ұлт құру» кітабыңызда дамыған мемлекет қалыптастыру үшін 3 құрамдас элемент: ерікті қауымдастықтардың пайда болуы мен таралуы; лингвистикалық біртектілік; қоғамдық игіліктердің теңдік қағидасына сүйеніп таратылуы қажет деп тұжырымдайсыз. Осы 3 элементтің өзара арақатынасы қандай? Олардың үшеуінің бірі болмаған жағдайда пәрменді ұлт құру мақсатына жете аламыз ба?

Бұл үш механизм бір-бірінің орнын баса алады. Швейцария ерікті қауымдастықтардың кең желісі арқасында саяси интеграцияланған, көп ұлтты

қоғамға айналды. Бұлар Қытайға тән емес еді, бірақ та елдегі ортақ жазу жүйесі коммуникациялық интеграция рөлін ойнағандықтан орталықтан басқарылатын мемлекет құруға мүмкіндік туды. Сондықтан, әрине, бұл үш механизмнің барлығы бір мезетте болса жақсы, дегенмен шарт емес.

---

*... ерікті ұйымдар мемлекеттің тәуелсіздігіне қол жеткізуден бұрын пайда болса, онда бұл егемен мультиэтностық саяси одақтың негізі бола алады*

---

«Ұлт құру: неліктен кейбір елдер бірігіп, қалғандары ыдырайды?» деген еңбегіңізде сіз белсенді ерікті ұйымдар мен қоғамдық игіліктерді таратудағы азаматтар мен мемлекеттің арасындағы әріптестікпен қатар, тілдік біркелкіліктің орталық рөлін атап өттіңіз. Осы орайда, кейбір елдерде, (мысалы, Орталық Азия елдерінде) белгілі бір деңгейде үшінші сектор қауымдастығы лингвистикалық сипатқа қарай бөлінетінін байқауға болады. Бұл құбылыс нақты бір мемлекетте немесе аймақта бірнеше тіл болуына қарамастан белгілі бір тілде ғана қызмет ететін жаңадан қалыптасқан қауымдастықтар пайда болуына байланысты кең таралды. Мәселен, тілдік алуандық салдарынан үшінші сектор саласындағы қауымдастықтар шеңберіндегі тіл алшақтығы болуы қоғамдық

игілікті қамтамасыз ету мен қоғамдық бірлестіктердің қызметінің тиімділігіне қаншалықты әсер етеді? Шын мәнінде, бұл факторлардың бірінің күшеюі немесе әлсіреуі жағдайында ұлт құру тұрғысынан жанама немесе тікелей түрде өзгесіне ықпал ете ала ма?

Мен бұл факторларды жеке дара қарастырамын, бірақ олар, әрине, сонымен бірге өзара ықпал ете алады. Ең маңыздысы өзара байланыс, осы екі фактордың ортақ тарихи тамыры: ХІХ ғасырдағы отарлауға дейін пайда болған орталықтандырудың тарихи деңгейі. Мемлекеттік орталықтандырудың тарихи деңгейі екіұшты мұра қалдырды: біріншіден, мемлекеттің қоғамдық игілікті қамтамасыз ете алу деңгейі елді орталықтандыру тарихына байланысты. Жапония отарлағанға дейін-ақ орталықтандырылған және бюрократиялық сипатта ұйымдастырылған Корея секілді елдерде, мысалы, қазір қоғамдық игіліктерді тарату әлдеқайда жеңіл, өйткені онда бұрыннан қалыптасқан және отаршылдық тұсында да сақталған ұйымдық құрылым бар. Сол секілді отарлау алдындағы Корея секілді жоғарғы деңгейдегі орталықтанған мемлекет тұрғындарын лингвистикалық және кеңірек мәдени тұрғыда жұмылдыруға қабілетті. Сөйтіп, қоғамдық игілікті қамтамасыз ету мен тіл тұтастығы мемлекеттің қалыптасу тарихынан бастау алады. Керісінше, бірқатар зерттеулерге сәйкес гомогендік қоғамдық игіліктердің таратылуын

күшейтеді. Бірақ бұл байланыс себеп-салдарлық емес, өйткені олардың қалыптасуына ықпал еткен ортақ тарихи күштер болды. Үшінші фактор, ерікті ұйымдар, қалған екеуінен дербес дамып, қалыптасты. Бұл тұста да, тарих пен уақыт аралығы аса маңызды: ерікті ұйымдар мемлекеттің тәуелсіздігіне қол жеткізуден бұрын пайда болса, онда бұл егемен мультиэтностық саяси одақтың негізі бола алады. Бұл өз кезегінде мемлекет тәуелсіздік алғаннан кейін өкіметке келген инклюзив коалицияларды нығайтады. Ал, дегенмен ерікті ұйымдар тәуелсіздікке қол жеткізілгеннен кейін дамып және инклюзивтігі төмен басқарушы коалициялар билік құрса, олар саяси жіктелу қағидасы бойынша топтасып, этностық ерекшеліктерге қарай бөлінуі мүмкін.

---

*Ең дұрысы – ерікті ұйымдардың мемлекеттен дербес пайда болып, қалыптасуы*

---

Сіз қоғамдық игілікті қамтамасыз етуде орталық және жергілікті органдар басты рөл ойнайды деп тұжырымдайсыз. Бұл тұрғыдан алғанда жеке компаниялар, шетелдік үкіметтік емес ұйымдар немесе әскери құрылымдардың экономикалық тиімділігі анағұрлым жоғары болғанымен, қоғамдық игіліктерді таратуды сыртқы субъектілерге жүктеу ұлттық үкіметтің легитимдігін арттыруға септігін тигізбейді.

Керісінше, негізінен, Үшінші сектор шеңберіндегі институттау мен легитимдеу процесін қаржылай қолдау көрсететін, құрылымдық нұсқаулық жасайтын және тәжірибесін ортаға салатын шетелдік және халықаралық ұйымдар іске асырады. Бұл дихотомия мынадай маңызды сұрақ тудырады. Мемлекет Үшінші сектордың қаржылай және құрылымдық негізін қолдауды өз мойнына алуға тиіс пе? Осы жағынан алғанда мемлекет бұл қарама-қайшы императивтер арасындағы балансты қалай қамтамасыз ете алады?

---

*Егер мемлекет ерікті ұйымдарды жасанды түрде құрып, оған мүше болуға күштесе, бұл саяси коалицияларды кеңейтіп, нәтижесінде анағұрлым инклюзив коалициялар құрылуына сеп болғанның орнына, бар болғаны мемлекеттің саяси қолдау негізін көрсетіп қана қояды*

---

Ең дұрысы – ерікті ұйымдардың мемлекеттен дербес пайда болып, қалыптасуы. Мәселен, коммунистік жастар ұйымы негізінен міндетті еді және сол себепті ол «еркін» болды дей алмаймыз. Сондықтан олар сан алуан этностық тараптар жағынан «төменнен жоғарыға»

қарай қағидасына сәйкес саяси альянс құру рөлін ойнауға дәрменсіз еді. Егер мемлекет ерікті ұйымдарды жасанды түрде құрып, оған мүше болуға күштесе, бұл саяси коалицияларды кеңейтіп, нәтижесінде анағұрлым инклюзив коалициялар құрылуына сеп болғанның орнына, бар болғаны мемлекеттің саяси қолдау негізін көрсетіп қана қояды.

Чарльз Тиллидің тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттің қалыптасуы соғыс жүргізу мен ресурс өндіру процесімен тікелей байланысты. Соғыс – орталықтан басқарылатын мемлекеттің пайда болуына түрткі болған басты күш. Шығыс Еуропа мен Таяу Шығыстағы өршіп отырған қанды қақтығыстарды ескере отырып, бұл концепция қазіргі замандағы ұлт құру процесіне байланысты әлі күнге дейін өзекті деп айта аламыз ба?

---

*... соғыс ұлт құруға алып келуі үшін қазына шетелдің қаржылай көмегі, несие немесе мұнай секілді табиғи байлықтан емес, жергілікті халықтан жиналатын салықтан толуға тиіс*

---

Меніңше, біз Украина мен Ресей арасындағы соғыс барысында, Украина өзінің институттық қуатын күшейтіп, тұрғындарға салынатын салықты ұлғайту арқылы да



қоғамды қадағалау мен оны бақылау мүмкіндігін тереңдетуге қабілетті екенін көрдік. Әдетте соғыс сыртқы көздерден қаржыландырылады, дегенмен мұның ұлт құрудағы ықпалы шектеулі. Юваль Фэйнштайн екеуіміздің World Politics журналында жарыққа шыққан мақаламызда осыны көрсетеміз: соғыс ұлт құруға алып келуі үшін қазына шетелдің қаржылай көмегі, несие немесе мұнай секілді табиғи байлықтан емес, жергілікті халықтан жиналатын салықтан толуға тиіс. Оның үстіне біз соғыс, негізінен, ұлт құруға әкелуі үшін азаматтар, XX және XXI ғасырда сайлау арқылы, соғыс жүргізуге мойынсұнған және сол себепті салықтың ұлғаюын легитимдейтін елдерде ғана мүмкін болғанын атап өтеміз. Үшіншіден, адам шығыны көп болған жағдайда және соғыс бүкіл халықтың атынан (белгілі бір әулет немесе империя үшін емес) жүргенде ғана ұлт құру мүмкіндігі артады. Басқа сөзбен айтқанда, халық өзінің үлесін сезінгенде және соғыстағы үлесін легитим деп есептеген жағдайда ғана ұлт қалыптасады; және бұл қос алғышарт мемлекеттің экономика мен қоғамға қосатын үлесін кеңейтіп, жауап ретінде халықтың қоғамдық игіліктерге деген талабын күшейте түседі. Соғыс қалайша ұлт қалыптастырады деген сұраққа кейінгі Таяу Шығыстағы Иран-Ирак соғысын мысал ретінде келтіруге болады. Бұл соғыстың нәтижесінде Иран мемлекеті біраз нығайған болатын. Сондықтан, ия,

Тилли концепциясы әлі күнге дейін өзекті, дегенмен мемлекеттер арасындағы соғыстар саны азайды және жалпы олардың қарқыны біршама бәсеңдеді.

**Белгілі бір елдің саяси интеграциясына ықпал ететін сыртқы факторлар туралы не айта аласыз? Бір елдегі геосаяси текетірес оның көршілерінің ұлт құру процесіне қаншалықты әсер ете алады?**

---

*... бұл процесті тездету қиын.*

*Бұл жылдарды емес, ұрпақтарды қамтитын процесс.*

*Азаматтар мен билік*

*басындағылар арасындағы*

*өзара әрекеттестік өзгермесе,*

*«Ұлттық сана-сезімді» көтеру*

*секілді үгіт-насихат және сол*

*секілді өзге де бастамалардың*

*жолы болмайды*

---

Бұл Харрис Милонас секілді өзге ғалымдардың тұжырымы. Әрине, сыртқы күштер азшылықтарды қалыптасып келе жатқан ұлтқа саяси түрде бірікпеуге итермелеуі және оның орнына өз алдына дербес мемлекет құруға талпынуға, немесе мемлекетке иелік ететін көпшілік болуға мүмкіндік бар көрші елге бірігуге ынталандыруы мүмкін. Мен, бұл аймақтық факторлар аса маңызды демеймін, сөйте тұра, саяси интеграцияның ішкі ерекшеліктерін түсінуге септігін

тигізеді дегенді қуаттайтын дәйектерді таба алмадым.

Ұлт құру ісі ұзақ уақытты талап етеді. Құбылмалы әлемге бейімделу және оның қауіп-қатерін азайту үшін саясаткерлер қалайша бұл процесті қолдап, үдете алады? Ұлт құрудағы бюрократияның орны қаншалықты маңызды?

---

*Азаматтарға қоғамдық игілік қамтамасыз етіліп, адам «өзі тектес адамдарды», этнос тобы, табы немесе аймағының өкілдерін үкімет құрамында көрсе ғана өзін мемлекеттің бір бөлігі деп біледі және өкімет оның мүддесін қорғайды деп сенеді*

---

Әттең, бұл процесті тездету қиын. Бұл жылдарды емес, ұрпақтарды қамтитын процесс. Азаматтар мен билік басындағылар арасындағы өзара әрекеттестік өзгермесе, «Ұлттық сана-сезімді» көтеру секілді үгіт-насихат және сол секілді өзге да бастамалардың жолы болмайды. Азаматтарға қоғамдық игілік қамтамасыз етіліп, адам «өзі тектес адамдарды», этнос тобы, табы немесе аймағының өкілдерін үкімет құрамында көрсе ғана өзін мемлекеттің бір бөлігі деп біледі және өкімет оның мүддесін қорғайды деп сенеді. Басқа сөзбен

айтқанда, қоғамдық игілікті тарату секілді, репрезентация айдентити қалыптасуына (World Politics журналдарының біріндегі мақаламда көрсеткенімдей) негіз болады. Биліктің өзегіндегі саяси өкілдік салыстырмалы түрде тез арада басқарушы коалицияны кеңейту арқылы күшейтілуі мүмкін. Қоғамдық игіліктерді бүкіл ел аумағында клиентелизмге ұшыратпай қамтамасыз ету әлдеқайда күрделі және оған анағұрлым көп уақыт керек. Ол үшін ресурстар (тұрғындарға салық салу мүмкіндігін қоса алғанда), ұйымдық инфрақұрылым, білікті және бейтарап әкімшілік қызметкерлер және т.б. қажет. Өзінің айналасындағылар мен саяси жақтастарының жағдайын жасағаннан бұрын іс жүзінде қызмет көрсетуге қабілетті, барша халыққа қоғамдық игілікті қамтамасыз етуге дайын бюрократия болуы да шешуші фактор.

---

*Өзінің айналасындағылар мен саяси жақтастарының жағдайын жасағаннан бұрын іс жүзінде қызмет көрсетуге қабілетті, барша халыққа қоғамдық игілікті қамтамасыз етуге дайын бюрократия болуы да шешуші фактор*

---

ССРО ыдырағалы бері мемлекет қалыптастыру мен ұлт құру мәселесі одақтан бөлініп шыққан

жаңа егемен елдердің басты саяси мұратына айналды. Аймақтағы саяси элиталар совет мұрасын ескере отырып жаңа ұлттық біртектілік, әлеуметтік ұйысу мен патриотизмді дәріптеу мақсатында жаңа идеялар мен нарративтер қалыптастыруға мәжбүр болды. Осы тұрғыдан алғанда постколониалдық мемлекеттердегі ұлт құру процесінің отарлау көрмеген елдермен салыстырғанда қандай ерекшеліктері бар?

---

*... постколониалдық мұра ерекшелік емес, ол – норма. Мен өзімнің эмпирикалық зерттеуім арқылы бұл мұраның постимпериялық мемлекет құру процесі үшін үлкен маңызы бар екеніне көз жеткізе алмадым...*

---

Жер шарындағы елдердің басым бөлігі империядан шыққан. Солтүстік-батыс Еуропа елдері ғана бұл қатарға жатпайды, дегенмен Эфиопия, Таиланд, Қытай, Жапония, Непал және басқалары секілді Бельгия мен Нидерланд та империядан шыққан. Басқаша айтқанда, постколониалдық мұра ерекшелік емес, ол – норма. Мен өзімнің эмпирикалық зерттеуім арқылы бұл мұраның постимпериялық мемлекет құру процесі үшін үлкен маңызы бар екеніне көз жеткізе алмадым: басқарушы коалициядағы этнос топтарының ауқымымен

өлшенетін ұлттық-саяси интеграцияға қол жеткізу біршама ұзақ уақыт бойы империялық үстемдіктің қоластында болған қоғамдарда аса күрделі деуге келмес; сол сияқты бір кездері отарлаушылардың езгісінде болған елдер саяси тұрғыда біріге алмайды деп пайымдау да қате; және менің талдауым көрсеткендей, бір де бір империяның – Осман, Романовтар, Совет Одағы, Ұлибритания, Француз, Жапон – постимпериялық ұлт құруда аса бір терең салдары болған жоқ. Әрине, бұл қазіргі саяси мәдениет пен альянс құрылымдарының қалыптасуындағы империялық сарқыншақтың әсері мүлде болған жоқ деген сөз емес. Дей тұрғанмен, отаршыл күштер оның алдында болған преколониал мемлекеттерден асқан терең мұра қалдырмаған іспетті.

---

*Ең бастысы, елге оралған қандастар іштегі оқшауланған азшылыққа айналмауы үшін олар саяси тұрғыда тең қарастырылып, қоғамдық игіліктерге өзгелермен тең дәрежеде қол жеткізе алуға тиіс*

---

Германия, Израиль, Польша секілді елдер жарты ғасырдан астам уақыт бойына шетелдегі қандастарының елге оралуына түрткі болу саясатын жүргізіп келген болатын. Мәселен,

Қазақстандағы репатриация бағдарламасының арқасында шетелдегі қазақтардың біршама бөлігі елге көшіп келді. Қазір Қазақстанда олардың саны 2 миллионға жетті. Осы тұрғыдан алғанда этностық принципке сүйеніп жасалған репатриация саясаты қаншалықты ұлт құру ісіне әсер етеді, және оған сүйеніп этностық ұлттық біртектілік қалыптастыру қалай ерекшеленеді?

Диаспораны елге қайтаруды көздейтін бағдарлама қабылданғаны азаматтарға шетелде өмір сүріп жатқан қандастар үкімет назарынан тыс қалмағанын білдіреді. Бұл өз кезегінде биліктің легитимдігі артуына әсер етуі мүмкін. Дегенмен, диаспора саясаты елде іріткі тудыруы да әбден ықтимал. Ең бастысы, елге оралған қандастар іштегі оқшауланған азшылыққа айналмауы үшін олар саяси тұрғыда тең қарастырылып, қоғамдық игіліктерге өзгелермен тең дәрежеде қол жеткізе алуға тиіс. Керісінше, көпэтносты қоғамда көпшілік этнос тобына жататын елге оралған қандастар этностық көпшілікке жатпайтын ішкі азшылықтармен салыстырғанда басымдық алып кетпеуіне жол бермеу де аса маңызды.

Сіз өз зерттеуіңізде этностық азшылықтардың ұлттық біртектілігін қалыптастыруда олардың үкіметтегі репрезентациясы маңызды депсіз. Бұл қағиданы діни қауымдастықтарға қатысты

қолдануға бола ма? Елдің зайырлы басқару формасына нұқсан келтірмей, сан қатпарлы қоғамның инклюзивтігін қамтамасыз ету үшін балансты қалай сақтауға болады?

---

*... сан алуан дін өкілдері бірігіп өмір сүріп жатқан қоғам үшін секуляризм оңтайлы принцип, өйткені ол діни азшылықтармен қатар діни көпшіліктің саяси инклюзиясын нығайтады*

---

Менің зерттеуіме сәйкес этнолингвистикалық және этно-діни топтар арасында фундаменталдық айырмашылық жоқ. Толеранттығы төмен діни қауымдастықтар немесе биліктің бөліну жүйесін ауыстырып, оның орнына басқа өкімет түрін (мысалы, «Ислам мемлекеті») құруды көздейтін діни топтардың қоғамға интеграциясы мемлекет құру тұрғысынан үлкен қиындық туғызатыны анық. Осы тектес режимдер сан алуан діни бағытты ұстанатын азшылықтарды ескермейді (бұдан да сорақысы болуы мүмкін), бұл өз кезегінде қарсылық тудырып, тіпті саяси озбырлыққа да әкелуі мүмкін. Жалпы, сан алуан дін өкілдері бірігіп өмір сүріп жатқан қоғам үшін секуляризм оңтайлы принцип, өйткені ол діни азшылықтармен қатар діни көпшіліктің саяси инклюзиясын нығайтады.



Қазіргі құбылмалы заманда ұрпақтар арасындағы құндылықтар теңсіздігі тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа ұрпақ пайда болған постколониал егемен елдерде жиі көрініс тапқан. Ұрпақтар арасындағы мұндай құндылық алшақтығы ұлт құрудың ажырамас және тұрақты ерекшелігі ме? Сонымен қатар мемлекет осы алшақтықты жоюда қандай рөл ойнауға тиіс?

---

*Құндылық қалыптастыру*

*өкіметтің еншісінде емес.*

*«Социалистік тұлғаны»*

*тәрбиелеуге ұмтылған Совет*

*Одағының тәжірибесі немесе*

*Қытайдағы мәдени революция –*

*бұл тектес саясат нәтиже*

*бермейтініне бірден-бір мысал*

---

Құндылық қалыптастыру өкіметтің еншісінде емес. «Социалистік тұлғаны» тәрбиелеуге ұмтылған Совет Одағының тәжірибесі немесе Қытайдағы мәдени революция – бұл тектес саясат нәтиже бермейтініне бірден-бір мысал. Бұл, өкімет құндылық бағдарын қалыптастырмайды деген сөз емес. Айталық, социализм, мысалы, халықтың өкіметке қоятын талап-тілектеріне және олардың жеке тұлғалар арасындағы бәсеке мен жауапкершілікке деген көзқарасына тереңнен ықпал етті. Бұл құндылықтар коммунистік режим тұсындағы ұрпақтардың

бейімделуі түрінде көрініс тапты. Бұл бейімделудің мәні қарапайым: азаматтар өзінің көзқарасы мен мүддесін (соның ішінде олардың қадір-қасиеті мен адамгершілікке қатысты) сол мәдени тілде баяндауға мүмкіндік беретін құндылықтарды қабылдауға бейім. Олар бұл ұстанымға қайшы келетін құндылықтарды қабылдамайды және мемлекет халықты жаңадан тәрбиелеуге мәжбүрлегенде, олар өзінің ішкі әлемінің жеке кеңістігіндегі сан алуан көзқарасын ұстанатын немесе отбасы мүшелерімен ғана талқылайтын күйде бола тұра конформизм симуляциясын жасайды. Сөйтіп, өкімет адамдар бейімделе алатын құрылымдық шарттарға әсер ету арқылы өз азаматтарының құндылықтарына ықпал ете алады. Алайда өкімет ағартушылық және ақпараттық шаралар көмегімен жеке тұлғаның құндылықтарын өзгертуге қауқарсыз.

---

*Ұзақ мерзімде, ұлттық егемендік*

*принципіне сүйеніп құрылған*

*қазіргі заманғы мемлекеттер*

*жойылатыны анық*

---

Ұлтшылдық пен ұлт құру концепциясы уақыт өте қалай дамуы немесе өзгеруі мүмкін? Жаһандану үрдісі тұрғысынан ұлтқа сүйенетін мемлекеттің келешегі бар ма? Ұлт құру мен оны ұйымдастырудың жаңа түрлері пайда болуы ықтималдығы қандай?

Ұзақ мерзімде, ұлттық егемендік принципіне сүйеніп құрылған қазіргі заманғы мемлекеттер жойылатыны анық. Ұлт төңірегінде топтасқан мемлекеттің орнын не басады? Бұл жерде біз спекуляция саласына тап боламыз және келешекті анық көру қиын болады («Мемлекеттер және ұлтшылдық» журналындағы кейінгі мақаламды қараңыз). Ортақ мерзімді тұрғыдан қарасақ, мәселен алдағы 300 жыл аралығында, бір нұсқада адамдар қоғамдық игіліктерді, қауіпсіздікті және қазіргі таңда мемлекеттер атқаратын басқа да функцияларды қамтамасыз ету үшін бірлестіктерге жиналатын де-территориялық басқару формалары пайда болуы мүмкін. Өзге – континенталдық ауқымдағы империяға қайта оралу – болжамына сәйкес, мұнда ассимиляция процесі арқылы империялық өркениетті тарататын элита арқылы басқарылады. Немесе біз қазіргі саяси

ландшафттың анағұрлым ұсақ этностық, діни немесе тайпалық ұқсастықтарға сүйенетін шағын мемлекеттерге ыдырауына куә болуымыз мүмкін. Ақырында, біз меритократия және демократия принциптеріне сүйенуі мүмкін немесе басқару құрылымында аймақтық немесе континенттік квоталары бар жаһандық мемлекет пайда болуына куә бола аламыз. Не, әрине, саяси ұйымның осы сан алуан формаларының араласқан сипаты шығады. Бұлардың бір де бірінде ұлтшылдық мемлекеттілікті легитимдеу процесінде шешуші рөл ойнамайды. Әлбетте, саяси ұйымның мүлде жаңа, елестетуге келмейтін формалары да пайда болуы мүмкін, немесе керісінше, мыңжылдықтар бойы өмір сүрген басқа мемлекеттер (мысалы, Қытай империясы) сияқты ұлттық мемлекеттер тағы бір-екі жүз жылға жалғасуы ықтимал.

***Сұхбатыңызға рахмет! Идеяларыңыз «KIPD Bulletin» журналының оқырмандарының қызығушылығын тудыратынына сенімдімін.***

### **Әлібек ҚИСЫБАЙ**

Әлеуметтану ғылымдары магистрі,  
«Қазақстандық қоғамдық даму институты»  
КеАҚ Басқарма төрағасының орынбасары

## АНДРЕАС УИММЕРДІҢ «ҰЛТ ҚҰРУ. НЕЛІКТЕН КЕЙБІР ЕЛДЕР БІРІГІП, ҚАЛҒАНДАРЫ ЫДЫРАЙДЫ» КІТАБЫНЫҢ САММАРИЙІ<sup>1</sup>

Кей елдер көбінесе этностық себептерге байланысты ыдырап кетсе, кей ел халқы әралуан болғанына қарамастан ғасырлар бойы іргесі сәгілмей тұратынының себебі неде? Басқа сөзбен айтқанда, ұлт құру бір елде сәтті өтсе, кейбірінде сәтсіз болатынына не себеп?

Осы сұраққа жауап берерден бұрын ұлт құру деген не екенін нақтылап алу қажет. Ұлт деген – әнұраны, туы мен әскері бар тәуелсіз мемлекет қана емес. Бұл – қос қырлы құбылыс: бір жағынан ол ел аумағындағы саяси альянстардың жалғасы болса, екінші жағынан халықтың билік басында кім отырғанына қарамастан саяси институттарға сенімін және өзін сол институттармен сәйкестендіруін көрсетеді.

Тиімді ұлт құру процесі маңызды және нәтижелі өзгерістерге жетелейді. Елдің тұтас аумағын қамтитын альянстар этносқа қарай жіктелудің саяси сипат алуына жол бермейді. Инклюзив саяси коалициялар мемлекетке тиістілік сезімін күшейтеді және бір әулеттің, елді мекен, клан немесе белгілі бір кәсіптің шегінен асатын ұжымдық ортақ мақсат жөніндегі идеалдарды күшейтеді.

Тиісінше, өзін мемлекетпен сәйкестендіретін азаматтар салық төлеуден тартынбай, әлеуметтік көмек секілді бастамаларға барынша қолдау көрсетеді және әдетте тиімді өкімет арқылы басқарылады. Этностық көпшілік пен азшылықтардан құралған инклюзив коалициялар бар елдерде азамат соғысы тұтануы қаупі төмен болып, экономикалық өрлеуге жол ашылады.

Екінші фактор азаматтар мемлекетпен алмасатын ресурстарға байланысты. Егер ел тұрғындарына салынатын салық қоғамдық игілікке айналса, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынас сипаты түбегейлі өзгереді. Өйткені бұл осыған дейін абсолют монархия, империялық немесе отаршыл басқару секілді үстем режимдерге тән қорқытып-үркіту және басып-жаншу арқылы ресурс алу тәсілінен бөлек. Үкімет елдің барлық аймағында қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуге қауқарлы болған сайын азаматтар билікпен одақтасуға бейіл бола түседі. Осылайша, билік басындағы коалиция альянс құрылымдарымен қатар, халықтың этностық әралуандылығының көрінісі болады.

<sup>1</sup> <https://aeon.co/essays/why-some-countries-come-together-while-others-fall-apart>

Мемлекет пен азаматтар арасындағы одақ қатынасының үшінші аспектісі олар бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынына тікелей тәуелді. Аймақтар мен этнос топтары арасындағы байланыс орнату азаматтар арасында ортақ тіл болғанда анағұрлым оңай. Яғни «транзакция шығынын» азайтады, бір-бірінің ниетін түсіну, кикілжіңдерді шешу және ымыраға келу туралы келіссөз жүргізуге қажет күш-жігер болады деген сөз. Мұның бәрі сенімге сүйенетін ұзақмерзімді қарым-қатынас құру үшін аса маңызды. Сондықтан тіл алшақтығы саяси желілердің ел аумағында таралуын бәсеңдетеді.

Қытайдың кейінгі екі ғасырдағы тарихынан ортақ коммуникация құралдары ұлт құруды қалай нығайтатынын көуге болады. Бір қарағанда Қытай халқының сан алуан тілде сөйлеуі ұлт құру процесін қиындата түсетіндей көрінуі мүмкін. Дегенмен, хаттар, газеттер мен кітаптар біркелкі жазумен жазылады. Бұл ортақ жазу кең байтақ елдің кез келген бөлігінде бір-бірін кедергісіз түсінуге мүмкіндік береді. Жазба жүйесінің біркелкілігі Қытайға бүкіл империялық кезеңде елдің түкпір-түкпірінен жазбаша емтихандар жүйесі арқылы мемлекеттік қызметкерлерді (бюрократтар) жұмысқа қабылдауға жол ашты. Нәтижесінде Қытайдың бюрократиялық элитасы жалпы халық секілді полиглот болды.

Сонымен бірге, бір ел басқа елмен көп соғыс жүргізіп, өз халқын

ортақ құрбандық төңірегінде топтастыра алған жағдайда ұлт құру сәтті болады деп пайымдай аламыз. Бұл – эмпирикалық мәселе. Оны түсіндіру үшін әлемнің барлық елі туралы ақпаратқа сүйенетін деректер жиынтығын зерттеу қажет. Бұл осы төрт балама фактордың кез келгені ұлт құру қай жерде сәтті жүріп, қай жерде жолы болмағанын түсінуде шешуші фактор болғанын анықтауға септігін тигізбек немесе ерікті ұйымдар, қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету және тіл біртектілігі Швейцария, Бельгия, Сомали, Ботсвана, Қытай және Ресей секілді елдерден тыс инклюзив басқарушы коалиция қалыптастыруға қаншалықты ықпал еткенін айқындамақ. Мұндай куантитатив (сандық) талдау жүргізу үшін қолымызда ұлт құру әр елде қаншалықты табысты болғанын көрсететін дерек керек. Осы мақсатта мен билік басында өкілеттігі жоқ этнос топтарының жалпы халыққа шаққандағы үлесін есептеймін. Алынған деректер 1946 жылдан 2005 жылға дейінгі кезеңді және 155 елді қамтиды.

Мұндай әдістің көмегімен өлшенетін этносаяси шеттету (ethnopolitical exclusion) деңгейі – ерікті бірлестіктер көбейген, мемлекет қоғамдық игіліктерді тиімді қамтамасыз ететін және тіл ландшафты біркелкі жерлерде төмен. Елдердің үш тобын салыстыру осы зерттеудің нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Қоғамдық игілікті қамтамасыз



ету деңгейін өлшеу үшін мен сауат деңгейін бағалаймын, өйткені сауат мемлекеттік білім беру жүйесіне тікелей байланысты. 155 елдегі ересек халық сауатының жаһандық орташа көрсеткіші – 65%; елдегі халықтың 80% оқып, жаза білсе, онда тұрғындардың мемлекетті басқаруға қатыспайтын үлесі азаматтарының жартысы ғана сауатты елдегіден шамамен 30% төмен болады.


Оған қоса, мемлекеттің отар болуы немесе оны дәулеттілігі секілді жоғарыда қысқаша талқыланған ұлт құрудың балама түсіндірмесін құптайтын деректер аз. Статистикалық талдауға сәйкес, мемлекет өте ұзақ уақыт бойы отаршыл өкіметтің қоластында болса немесе бұл өкімет кейін белгілі бір сипатта көрініс тапса (мысалы, британдық жанама басқару сияқты) ұлт құруда елдің жолы болмайды деп тұжырымдау қате. Мәселен, олардың экономикасы артта қалса; олардың арасындағы соғыстар немесе этноұлтшылдық қақтығыстар аз болса; немесе дін және тілге қарай жіктелу болса да: бұл факторлар мемлекет құруға айтарлықтай әсер етпейді.

Түптеп келгенде, отаршыл басқаруға дейін және қазіргі заманғы ұлттық мемлекетке көшкенге дейін аса орталықтандырылған мемлекеттер шыққан жерде үкімет көбірек қоғамдық игілік қамтамасыз етеді және халықтың ішіндегі тіл аралуандығы

деңгейі төмен болады. Оны дәлелдеу үшін мен мемлекет қалыптасуы тарихының екі түрлі өлшемін қолданамын. Біріншісі отаршылдыққа дейінгі саяси құрылымын антрополог-элеуметтанушылар зерттеп, жазбаша деректер қалған Азия мен Африканың 74 елін қамтиды. Экономистер жинаған екінші деректер 141 елді қамтиды және XIX ғасырдың екінші жартысында жергілікті халық басқарған мемлекет қазіргі ел аумағын қаншалықты бақылағанын өлшейді.

Ұлт құру қысқа мерзімде жүзеге асырылатын жоба емес. Халық мемлекеттегі жаңа қарым-қатынас тілін еркін меңгеруі үшін кемінде екі ұрпақ алмасуы қажет. Саяси альянстар төңірегінде топтасатын ерікті ұйымдар да аз уақытта қоғамда тамыр жайып кете қоймайды. Мемлекеттің қалыптасуына ықпал ететін осы үш шешуші факторға жұмсалатын уақыт жыл емес, ұрпақ көрсеткішімен өлшенеді.

Кейінгі жиырма жылда Дүниежүзілік банк секілді жаһандық институттар дамушы елдердің қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету әлеуетін нығайтуға аса мән беріп келеді. Қазір мемлекеттік институттарды күшейту және олардың қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуін тиімдірек қылу жөніндегі дәйекті және ұзақ мерзімді міндеттеме – бүкіл әлемде ұлт құрудағы ең нәтижелі халықаралық тәсіл.



Тек орталық және жергілікті билік қана қоғамдық игіліктерді тиімді тарата алады. Жеке компаниялар, шетелдік үкіметтік емес ұйымдар немесе әскери күштер кейде экономикалық тұрғыдан тиімдірек болуы мүмкін. Дейтұрғанмен, қоғамдық игіліктердің сыртқы күштер арқылы берілуі мемлекеттік биліктің легитимділігін нығайтуға еш әсер етпейді.

Бірыңғай ұлттық білім беру жүйесі де қуатты ұлт құрудың ажырамас бөлігі. Дүниежүзіндегі мемлекеттер ортақ тілді дәріптейтін және оқытатын жүйе қалыптастыруда үлкен тәжірибе жинақтаған. Сонымен бірге, азаматтық қоғам ұйымдарына кеңінен қолдау

көрсету шетелдік ықпал мен саяси араласуға қарсы іс-әрекеттерге себеп болуы ықтимал. Шығыс Еуропа елдерінің бірқатарындағы сырттан қаржыландырылатын ұйымдарға қарсы қозғалыс күшейгені соған бір дәлел. Дегенмен, ұзақ мерзім тұрғысынан мұндай ұйымдар этнос топтары арасындағы байланыс орнатуға қажет саяси инфрақұрылымды қамтамасыз етіп, нәтижесінде мемлекеттік саяси интеграцияға алып келеді.

Сыртқы күштер арқылы ұлт құру мүмкін емес. Ұлт құру тек әр елдің азаматтары мен саясаткерлері арқылы іске асқан жағдайда ғана нәтижелі болмақ.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ  
ИНСТИТУТЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
қолдауымен  
«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ  
тапсырысы бойынша әзірленді

**Бас редактор:**  
Айнұр АБАЙҚЫЗЫ

**Жоба жетекшісі:**  
Сүйіндік ҚАБЫЛ

**Жауапты редактор:**  
Назгүл ҚОЖАБЕК

**Шығарушы редактор:**  
Бауыржан СЕРІКБАЕВ

**Аудармашылар:**  
Айдана АМАЛБЕКОВА, Арайлым ШЕРАЛЫ,  
Жанна АЛДАБЕРГЕН, Мария ЖЫЛҚЫШИЕВА

**Иллюстратор:**  
Жігер МҰРАТХАНОВ

Мақала мазмұны тапсырыс берушілердің пікірін білдірмейді.

Басуға 30.11.2023 жылы қол қойылды. Қалыбы 176\*250  
Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «Roboto»  
Баспа табағы 10.  
Саны 100 дана.









ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ  
ИНСТИТУТЫ